

## ҚазМұнайГаз кадрлық тағайындау туралы хабарлайды

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма Төрағасының орынбасары Дәулетжан Хасанов 2024 жылдың 30 қаңтарынан бастап қызметінен кетті. Сондай-ақ, ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің директоры лауазымындағы жұмысын да аяқтады.**

ҚМГ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев ұзақ жылғы қажырлы еңбегі мен компанияның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Д.Хасановқа алғыс білдірді. Д.Хасанов ҚМГ-да түрлі басшылық қызметтер атқарды. ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары ретінде мұнай барлау және өндіру блогына жетекшілік етті.

**Нүрсейіт Союнов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды, сондай-ақ оған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігі директорының міндеттері қоса жүктелді. Бұған дейін Н.Союнов «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры қызметін атқарған.**

Әр жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайсервис» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС мекемелерінде басшылық қызметтер атқарған. Еңбек жолын 2001 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ оператор болып бастаған.

**Байланыс деректері:**

**Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимылға байланысты мәселелер бойынша:**

[ir@kmg.kz](mailto:ir@kmg.kz)

тел: +7 7172 78 64 34

**Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс:**

[press@kmg.kz](mailto:press@kmg.kz)

тел: +7 (7172) 78 91 49, +7 (7172) 78 91